

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылдың «27» сәуірі

### БЖЗК 2017 жылғы 1-ші тоқсандағы таза инвестициялық табыстың мөлшері туралы түсініктеме берді

2017 жылдың 1-ші тоқсанында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы портфелінің оң табысы 145,36 млрд. теңгені құрады. Ол бағалы қағаздар, салымдар және «Кері РЕПО» операциялары бойынша түскен сыйақылардан қалыптасты. Бұл сыйақылар 128,66 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар құнды қағаздар бойынша оң нарықтық қайта бағалаулардан қалыптасты. Ал бұл, портфельге 16,7 млрд. теңге табыс әкелді. Осы аралықта теріс инвестициялық табыс 87,15 млрд. теңгені құрады. Ол шетелдік валюталарда номинирленген зейнетақы активтерін қайта бағалау, теңгенің нығаюы және резервтерді жасауға байланысты қалыптасты. Теңгенің нығаюы 2017 жылдың басынан байқалады. Комиссиялық сыйақы 6,7 млрд. теңге көлемінде есептелді. Осылайша, таза инвестициялық табыс 51,5 млрд. теңгені құрады.

Басқаша айтқанда, 2017 жылдың 1-ші тоқсанында БЖЗК салымшылары табысты болды: олардың шотына 51,5 млрд. теңге есептелді.

Айта кетелік, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептейтін инвестициялық табыс тұрақсыз шама. Оның мөлшері қаржы нарығынан сатып алынатын қаржы құралдарының нарықтық бағасына және шетелдік валюта бағамының өзгеруіне тәуелді. Сәйкесінше, инвестициялық табыстың шамасы кей жағдайда жоғарылауы және төмендеуі мүмкін. Зейнетақы активтерінің портфелі әртараптандырылғандықтан жекелеген қаржы құралдары бойынша залалдар басқа да қаржы құралдары бойынша түсетін табыстармен жабылады.

Зейнетақы активтерінің портфелін басқару бойынша инвестициялық қызмет туралы толыққанды ақпарат БЖЗК-ның ресми сайтында орналастырылған: <http://www.enpf.kz/upload/medialibrary/963/963ac8b48411f6d8603511e22b52856d.pdf>.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*